

Ескертулер бойынша атқарылған жұмыс қорытындысы және алдағы жоспар

Мен, «Бақытты бала» мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі Дәулетқалиева Жанель Сәдуақазқызы, өз қызметіме 2024 жылдың 18 қарашасында кірістім. 2025 жылдың 6-13 ақпан аралығында балабақшада мемлекеттік аттестация өткізілді. Тексеру барысында белгілі бір кемшіліктер анықталып, ескертулер берілді. Соның нәтижесінде ұйым аттестациядан өте алмады.

Қорытындыны алғаннан кейін бірден барлық ескертулерді жою бойынша мақсатты жұмыс басталды. 13 сәуірге дейін балабақша ұжымымен бірқатар іс-шаралар өткізілді. Ерекше көңіл дамытушы пәндік-кеңістік ортасын құруға, топ бөлмелерін балалардың жас ерекшеліктеріне сай безендіруге, көрнекі және дидактикалық материалдарды жаңартуға бөлінді. Ата-аналармен де белсенді жұмыс жүргізілуде: жиналыстар, жеке кеңестер өткізіліп, бірлескен іс-шараларға тарту жұмысы жүріп жатыр.

Сондай-ақ, қажетті құжаттар ретке келтіріліп, білім беру бағдарламасының орындалуына және санитарлық нормалардың сақталуына бақылау күшейтілді. Тәрбиешілер тәрбие-білім беру процесін ұйымдастырудың өзекті мәселелері бойынша ішкі ұжымдық оқудан өтті.

Алдағы жоспар:

Тәрбиеленушілердің дамуы үшін білім беру ортасы мен жағдайының сапасын қамтамасыз ету жұмысын жалғастыру;

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша ішкі бақылау және өзін-өзі бағалау жүйесін енгізу;

Педагогтердің біліктілігін курстар, семинарлар және байқауларға қатысу арқылы арттыру;

Ата-аналармен ынтымақтастықты дамытып, өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін кеңейту;

Ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту.

Ұжымның бірлігі, ата-аналар қолдауы және жүйелі басқару тәсілі арқылы «Бақытты бала» балабақшасының сапасын жаңа деңгейге көтеруге сенемін.



Ж.С. Даялеткалиева